

**Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 61/376/VI "Шардара ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2024 жылғы 2 шілдедегі № 25-129 -VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 шілдеде № 6551-13 болып тіркелді

Шардара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы №61/376-VI " Шардара ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5711 тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасының өкілеттігін уақытша атқарушы Д. Дуйсенов*

Шардара аудандық  
мәслихатының  
2024 жылғы 2 шілдедегі  
№25-129-VII шешіміне қосымша  
Шардара аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 24 маусымдағы  
№ 61/376-VI шешіміне  
2- қосымша

**Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Мынадай объектілердің іргелес аумақтарының шекараларынан 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізуге жол берілмейді:

1. жаппай жерлеу орындарында;
2. теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
3. мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
4. қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5. магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ